Ислам дініне кеңшілік берген уақытта бүткіл бұратана халықтар толықтай бір бүтін мұсылман еліне бірігіп, ислам діні орыс даласында ықпалды зор күшке айнала бастаған еді» (Победоносцева, 1926: 204-205).

Міне осындай орасан зор қарсылықтар бола тұра, патша үкіметі ол құжаттарға мөр басып, қол қоюға мәбүр болған етін, бұл жағдай қазақ өлкесіне де жеткен болаты. Осы жөнінде Алаш зиялысы Әлихан Бөкейханов «қазақтар» деген мақаласында: «Қарапайым халықтың сеніміне кіріп, ел ішіде белелге ие адамдардың басын қосып, сонымен бірге ел ішіндегі түйіткелді мәселелерді тізіп жазған петиция жолдауға рұқсат етілген қыс айындағы рескриптіні қазақ елі қуанышпен қарсы алған болатын. Міне осылай, тәуелсіздік жолында бүкіл қазақ даласында жүргізілген саясаттың нәтижесінде, қазақ елі бірігуге дайын болған еді. Қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігі мен жағдайлары жөнінде, зиялылар арасында қызу талқы жүріп, бір-біріне хат жазу арқылы, жағдайды баяндап отырды. Міне осы жағдайдан

кейін, сәуірдің 17 –сі күні дін мәселесіне байланысты патшалық Ресейдің шығарған қаулысы Қазақ халқының еңсесін көтеріп, үлкен қуанышқа бөлеген еді» деп жазып кеткен болатын. (Бөкейхан, 1993а: 57).

Осы Әлихан Бөкейхановтың жазбаларын 1905 жылдың сәуір айындағы сол кездегі Ақмола уезінің әскери губернаторына Петропавл өлкесінің 1-ші бөлімше крестьян басшысының ұсынған осындай мәлімдесісінде, келесідегідей жолдарды айтуға болады: «Патшалық Ресейдің жарлығы бойынша, халықтардың өзара діни силастығы туралы жарғының қабылдануынан соң, қырғыз халқы арасында бұрындары болмаған әрекеттер орын ала бастады. Әсіресе, Петропавл аймағының халықтары тұрғылықты мерзімді басылымдарға қызығушылықтары оянып, олар газеттерді жиі және көптеп жазыдып ала бастағандықтарын, әкімшіліктен келетін хаттарды күтуі, ол хаттардың мазмұнына аса назар салып, өз қадағалуларында ұстап отырды. Кейбір хат танитын, кейбір сауаты бар адамдардың қойын қалтасында дін мәселесіне қатысты әкімшіліктен почтаға келіп түскен жеделхаттардың көшірмесі мен орталықтан шығарылып отырған мерзімді басылымдарды көптеп кездестіруге болады» (Козыбаева, Султан-Хан, 2022: 22).

Мысалы, Ақмола қаласының басшысы әскери губернаторға Қазылжар өңірінің Бұғылы болысындағы Құдаймендин Жәңгір деген қазаққа орталықтан хат келгендігін айтқан, хатта қазақ халқының атынан Петербург қаласына петиция ұсыну қажет екендігін қолдауға шақырғандығы және ел ішінде үгіт насихат жұмыстарын жүргізу қажеттігі баяндалған, өз кезегінде осы петицияны өзара талқылау үшін қазақ халқының ең беделді, белсенділерін жинап съезд шақыру қажет деп айтылған болатын (Межов, 1909: 180).

Ақпан төңкерісі тұсында, осындай орталық билік орындарына дала халқының атынан жолданған петициялардың өте көп болғандығын және ол петицияда жер мәселесімен қатар дін істерінің де ерекше назарда болғандығын жан жақты зерттеп, ғылыми дәлелдеп жүрген академик М.Қ. Қойгелдиев «Қазақстандағы саяси репрессияның салдары» атты мақаласында: «Бұрынғы Қарқаралы ауданының Қу деп аталатын болыстығында үш мәрте басшылық қызметке тағайындалған, Қарқаралы өңіріндегі Қоянды жәрмеңкесін ұйымдастырғандар, және олар осы жәрмеңкеде 14 мыңнан астам адам қол қoған Петорбордағы өкімет орындарына жолдаған атақты Қарқаралы петициясын даярлау барысында өте белсенділік танытып, ат салысқан зиялылардың бірі, меценат Хасен Ақайұлы болды» деп атап көрсетеді (Қойгелдиев, 2024: 8).

Архив құжаттарының көрсетуіне қарағанда 1905 жылы көктем мезгілінен бастап қазақ өлкесінің барлық өңірінде жаппай жиындар өткізіліп, патша әкімшілігіне петициялар жазу жұмыстарына дайындықтар басталған еді. Мысалы, 1905 жылдың 4 сәуірінде Ақмола қаласының басшысы сол кездегі Ақмола облысының әскери-губернаторына жолдаған хатта 2 сәуірде өлкелік басқармаға сол өңірдің қазақтарының атынан 7 адам – Қорғалжын қаласынан Ж. Сатыбалдин, Нұра өңірінен Т. Тайшықов, Саран болысынан Ж. Тоқшылықов, Ереймен өңірінен К.Тайжанов, Қорғалжыннан Қ. Өтебаевтардың келуі жөнінде және де олардың патшалық үкіметке қазақ даласында жиындар өткізу үшін рұқсат берулерін сұрағандығын, өзекті мәселе болып тұрғанын, дін мәселесін Орынбор діни басқармасына беруді және де жолданған петицияны Петербургтегі билік орындарына жолдануын және оны қадағалау мақсатында құрылған арнайы делегацияның мамырдың 16-на дейін аттанатындықтарын арнайы жоспарлап отырғандықтарын әскери губернаторға жеткізген болатын (ҚРОМА, Қ. 369., П. 3-4.).

Қазақ даласындағы дін мәселесінің жағдаяты 1903 жылы Қызылжар өңірінің молдасы Мұхамеджан Бекішевтің басқаруымен астыртын ұйым болып құрылып, жұмыстар атқарған еді. (ҚРОМА, Қ. 367., П. 187).

М. Бекішевке тек қана молдалар ғана емес, мұғалімдар, саудамен айналысатын қала халқы да соның ішінде Петербург университетінде оқып жүрген Айдархан Тұрлыбаев сынды адамдар да мүше болып қабылданды.

Сол уақытта Ақмола уезінде сауда саттықпен айналысып жүрген Хұсайын Бекішев осы Петропавлдағы молда қызметін атқарған – Мұхамеджан Бекішевтің туған інісі еді. Ол екеуі де

осы мәселеге қатысты арнайы ұсыныстар мен тапсырмаларды, өзге де мұсылман қоғамдары дайындаған петиция мәтіндерінің көшірмелерін алып тұрған.

Хұсайын Бекішевтің үйіне жасырын түрде, сол кездегі мұсылман халықтарын мазалаған мәселелер жөнінде жергілікті тұрғындармен бірлескен жиындар өткізіліп ұсынылатын петицияның жобасы талқыланып, тұрған еді (Садвокасова, 2022: 113).

Жуық арада Ақмола уезіне Петропавлдан сол кездегі М. Бекішевке қарасты № 3 мешіттің қасынан мұсылмандарға арнап ашылған мектептің бұрынғы шәкірті, Спасск қаласынан 25 жастағы Мұхамеджан Елубаев келген болатын. Арнайы жіберілген тыңшылар арқылы алынған мағлұматтарға сүйеніп оның үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін арнайы қаражатпен қамтамасыз етілгендігін атап айтуға болады. Осы ұйымның құрамындағы қазақтардың дін мәселесін тұрғылықты әкімшіліктің құзыретінен алып, мұсылмандық діни мүфтияттарға қосу қажет екендігін айтып, 6 үндеу жолданған, және оларды бөлек-бөлек таратып, үндеудің бір данасын Сәдуақас Шорманұлына, Абай Құнанбайұлына, Жәңгір Құдаймендіұлына сонымен қатар Ғабдолла Исабековке де табысталған болатын. (ҚРОМА, Қ. 169., П. 143).

Патша үкіметі олардың соңынан тыңшыларды жіберіп, олардың әрбір қадамдарын аңдып отырды (ҚРОМА, Қ. 295., П. 29).

«Ақмола өңіріне келген Мұхаметжат Елубайұлы бұған дейінгі жиналысқа қатынасқан халықтарды жинап алып, қазақ даласындағы өзінің үгіт насихат жұмыстарын жүргізу үшін Спасск пен Қарағанды жерлеріне қарай аттанады», - дей келе сол кезде Петропавл қаласындағы М. Бекішевтің іс-әрекетіне тосқауыл қою туралы арыз айтқан еді (ҚРОМА, Қ. 64., П. 30).

1905 жылдың мамыр айының 4-де Петропавл қаласының Преспов, Станов, Анастай, Петропавл сияқты аудандарының белсенді болып жүрген игі жақсылары жиын өткізіп, ол жерде петицияның мазмұнын талқылап, патшалық ресейге петицияларды табыстауға баратын депутаттардың құрамын бекіткенді.

Сонымен қоса, осы жиында петиция тапсыруға баратын депутаттардың жол күресін және олардың әкімшіліктің қарапайым халықтан ақша жинау қажеттігі туралы шешім қабылдапған еді (ҚРОМА, Қ. 64., П. 18).

Осылардың бәрінің артында Петропавл өңірінің Полуденский мен Тайынша деп аталған ауылдарының қазақтары бас қосып, Министрлер кеңесінің төрағасының атына келесідей мәтіндегі петиция даярланған:

- «1. Қазақ халқының діни келесіде Орынбор мүфтилігіне қаратылсын;
2. Әрбір қазақ ауылының жеке мешіті болуы керек және әрбір мешітке жеке-жеке молда сайланып, ол жерлерге мешіттер салуға рұқсат етілсін;
3. Тұрғылықты халықтарды тіркеу, тізімдеу жұмыстарын сайланған молдалар атқаратын болсын;
4. Аймақтағы Халық соты атқарып отырған некеге тұру, отбасылық мәселелерге қатысты іс-қағаздарды, жұмыстардың барлығын молда атқару қажет» деп жазылған болатын
5. (Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві, Қ. 295., П. 34).

Петропавл уезіне қарасты осы екі аумақтағы қазақ халқының атынан даярланған петиция «Терджиман» газетінде жарияланып Петерборға, Министрлер кеңісінің төрағасы болған С.Ю. Виттеге жеделхат арқылы жіберіп табысталған (Тарджиман, 1905: 5).

Осы уақыттағы петициялар даярлап, жазудағы қазақ елінің ерекше ынтамен ат салысып, ұйымдаса отырып өздерінің әкімшілікке талаптары мен тілек арыздарының да мәнінің күрделене түскендігін көруге болады.

Міне осыған қатысты 1905 жылы маусым айындағы жазылған Қарқаралы петициясы жөнінде зерттеуші Мамбет Құлжабайұлының келесідей келтірген дерегі өте тың ақпарат болып табылады: «Қарқаралы өңіріндегі, петициялар жазуды ұйымдастырған зиялылардың қатарында, меценат Хасен Ақайұлының қазақ елінің азаттық көтерілісіне ерекше белсенділік танытқандығын, оның қазақ жұртына жасаған еңбегінің өлшеусіз болғандығын, Хасеннің өте тыңғылықты істерін көріп, еліне жасап отырған қызметі мен жақсылығын көріп отырған

қарапайым жұрт оны үш рет болыс басқарушысы қызметіне сайлаған еді. Бірақта, Хасеннің саяси ұстанымдары Паташалық Ресей үкіметіне аса ұнай қоймады. Х. Ақайұлының Ахмет Байтұрсынұлымен және Әлихан Бөкейханұлымен жиі байланысып отыруы, оның қызметтен босап, 1910-11 жж. Том губерниясына қарасты Барнауыл қаласына жер аударылуына себепші болады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде ол екінші рет түрмеге тоғытылып, қозғалыс басылғаннан кейін ғана бостандыққа шыққан еді.

1927-1928 жж. астық даярлау науқаны тұсында Х. Ақайұлына Қылмыс кодексінің 68 бабының 1-нші бөлігіне сәйкес «салық салынуға тиесілі меншігін жасырды» деген айып тағылып 2 мың сом айып пұлы салынып, барлық меншігі тәркіленеді» деп өз мақаласында ОГПУ тарапынан жүргізілген күрес науқанына қатысты архив құжаттарына сүйеніп отырып айтып кетеді (Қойгелдиев, 2024: 9).

Қарқаралы петициясын жазу ісіне белсенді түрде ат салысқан тұлғалардың бірі Мұхамеджан Тынышпаев болды. Ол 1905 жылы осы саяси әрі тарихи жағдайға аймақтан 25 мың адам қатысты және де «Ендігі кезекте генерал Сухотиннің барша қазақ халқын Сіріге қарай жер аударудан басқа ештеңе қалмағандығын, қараусыз далада өзіне патшалық құруы ғана қалды» (ҚРОМА, Қ. 64., П. 224) – деп өз ойын кекесінмен жеткізген тін.

Семей өңірі бойынша Қарқаралы, Семей, Павлодар қалаларының жиналған қазақ белсенділері Қарқаралы петициясына осы 1905 жылдың 22 маусымында Қоянды жәрмеңкесінде бас қосып, ол жерде 16000 адам қолын қойып, арыздары мен тілектерінің маңызы басқа өлкелердегімен салыстырғанда өте жоғары тұрған етін.

Міне бұның өзі сол уақыттағы Паташалық биліктің және оның әкімшілік орындарының ақсүйектері де осы петицияларды мойындаған еді (ҚРОМА, Қ. 69., П. 3).

Құжаттық мәліметтер бойынша, осы Қарқаралыдағы петицияны даярлау барысында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақпайұлы, Хасен Ақайұлы және өзге де сол уақыттағы қазақ халқынан шыққан беделді, белсенді қазақ зиялы қауымы, алаш өкілдерінің де ерекше жетекші роль атқарғандың көреміз (Тынышпаев, 1993: 27).

22 шілдеде ерекше қарқын алған Қарқаралы петициясы почта, телеграф арқылы Ішкі істер министрілегіне жіберіліп сол кездегі тұрғылықты аймақтағы әкімшіл әміршіл жүйені әбігершілікке түсірген жолдаулар болған еді.

Петиция мәтіні сонымен бірге «Сын отечества» мен «Русские ведомости» деп аталатын мерзімді басылымдарға да жолданған болатын (ҚРОМА, Қ. 69., П. 9).

Қорытынды

Сонымен жоғарыда айтып кеткеніміздей бірінші орыс революциясының бастапқы кезеңдерінде патшалық билікке тәуелді болған қазақ халқының мұң мұқтажы мен әсіресе жермен қоса осы кездегі өзекті проблема дін мәселесіне байланысты жазылған арыздар мен тілектер қазақ өлкесінің барлық аймағында жаппай кең етек алып, петиция түрінде жолданған еді. Яғни атақты Қарқаралы петициясының негізгі мазмұнында дін мәселесіне қатысты талаптар ең бірінші орында тұрғандығын Әлихан Бөкейханұлы діншіл, түрікшіл қазақ интеллигенция өкілдерінің арасында ықпалының өте жоғары болғандығын, ерекше басымдылық танытқанын айтып кеткен (Бөкейхан, 1993б: 26).

Патша әкімшілігі мен орталық билік орындарына жолданған осындай петициялардың негізгі қойған талаптары мен тілектерін патшалық ресей үкіметі назарға алмай, керісінше қазақ елінің саяси күрестерінің ерекше үлгісі болған Петициялар жолдауына, жазылуына мүмкіндігінше кедергі жасап, олармен күресуге әрекеттер жасап бақты, соған қарамастан қазақ хақы өздерінің егемендігі мен азаттығы жолында күресін жалғастыруын тоқтатпады және әкімшілік билік бұл тасқанға тосқауыл бола алмады.

Әкімшілік биліктің петиция мазмұнындағы халықтың қойған талаптары мен арыздарын ескерусіз қалдыруы, қазақ халқының патша өкіметіне деген сенімі мен наразылығын бұрынғыдан бетер күшейтіп, интеллигенция өкілдерінің ұлт азаттық қозғалыстың жаңа қарқында дамуына жол ашып, өзге жолдарды қарастыруға әкеп тіреді. Міне осындай кезде

ұлттық либералдық қазақ зиялы қауымы өздерінің қоғамдағы саяси өмірлерінде билік пен қарапайым халықты байланыстырып отырған ерекше қозғаушы күш ретінде көрсетуге тырысып бақты. Сол себепті де қазақ интеллигенциясы қолға алған 1905 жылдардағы петициялар қазақ елінің ұлт-азаттық жолындағы қозғалыста ерекше роль атқарғандығын нақты дәйектермен келтіре отырып баяндауға тырыстық (Муканова, 2023: 496).

Қазақ елінің бүткіл уездері мен аудандарында 17 қазанда қабылданған Манифестке байланысты жер-жерде саяси шерулер бой көтеріп, минтінгілер мен жиналыстар толқыны күшейе түсті.

Большевизм мен алаштық басшылық арасындағы бітіспес қайшылық, ақырында Қарқаралы петициясының авторларының қуғын-сүргінге ұшырауына, көптеген белсенді зиялыларды жұмыстан қуылып, басқа жерлерге жер аудартқандықтарын, мәселен Ж. Ақпаев Якутияға жер аударылған болса, ал Ақаев Хасен Ақайұлы Қазақстаннан тыс өңірге, Мәскеуде, Ленинградта, Киевте, Харьковте, Одессада, Дондағы Ростовта, осындай басқа да өлкелерге, сонымен бірге Орта Азияда тұруға тиым салынып, үш жылға жер аударылып кеткен еді (Қойгелдиев, 2024: 12). Сонымен қорыта келе айтатын болсақ 1905-1907 жылдардағы төңкеріс кезеңінде Қазақ даласында қалыптасқан саяси жағдайлар мен оқиғалар, ерекше айтқанша жұмысшы, шаруалар мен зиялы қауымның бой көтеріп, қарсылық танытулары азаттық жолындағы күрестері олардың бытыраңқылығына қарамай тұрғылықты еңбекші халық үшін үлкен саяси тәжірибе болған еді, міне осы жағдайларды қазақ халқының ұлт-азаттық және әлеуметтік қайшылықтар жолындағы кейінгі күрестерде де пайдаланған болатын.

Қазақтан шыққан саяси қоғам қайраткерлері Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлы, Ж. Ақпайұлы, А. Байтұрсынұлы, Х. Ақайұлы т.б. сынды зиялылардың бірлесе отырып жолдаған петициялары сол кездің саяси партиясының негізгі қайнар көзі болды деп айтуға толық негіз бар. Осы Қарқаралы петициясының мәтінінде көрсетілген арыз-тілектердің барлығы алдағы уақыттарда Алаш партиясы күресінің негізгі арқауы болды, Алашорда өкіметінің жүргізілген барша іс-қағаздарының, бағдарламасы осы негізде құрастырылған еді.

Дереккөздер

КРОМА — Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві

Sources

KROMA — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер

Mukanova et al., 2024 — *Mukanova G.K. et al.* Suffrage and Its Implementation by Kazakh Deputies of the State Duma of Russia at the beginning of the XXth century. Alikhan Bukeikhanov and Shaimerden Koshygulov // *Bylye Gody*. 2024. 19(1). Pp. 395 – 406.

Бөкейханов, 1993 — *Бөкейханов Ә.* Таңдамалы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1993. 89 б.

Вакыт, 1906 — *Вакыт*. 1906. 15 сәуір. №5. 3-б

Козыбаева, Султан-Хан, 2022 — *Козыбаева М.М., Султан-Хан Ж.* Аликхан Букейхан, Ахмет Байтұрсынұлы и феномен газеты «Қазақ» // Электронный научный журнал «*edu.e-history.kz*». 2022. № 2(22). URL: <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/22>.

Қойгелдиев, 2024 — *Қойгелдиев М.Қ.* Қазақстандағы саяси репрессияның себептері мен салдары // MUSEUM.KZ. Ғылыми-практикалық журналы. Алматы, 2024. 5–12-бб.

Межов, 1909 — *Межов В.* Слово // *Туркестанский сборник*. 1909. Т. 508. С. 180.

Муканова и др., 2023 — Муканова Г.К. и др. Симбиоз духовной и светской форм Центрально-Азиатского образования в истории XX века // *Отан тарихы*. 2023. № 26(3). С. 495–510. DOI: https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_26_3_495-510

Мухатова и др., 2024 — Мухатова О.Х., Жумабаева З.З., Тлеубаев Ш.Б., Конкабаева А.Н. Оренбургская мужская гимназия и представители казахской интеллигенции // *Bylye Gody*, 2024. 19(2). С. 803–813. URL: https://bg.cherkasgu.press/journals_n/1717237639.pdf.

Победоносцева, 1926 — *Победоносцева К.П.* Из черновых бумаг // *Красный архив*, 1926. Т. 5. С. 204–205.

Рүстемов, 2004 — *Рүстемов С.* Орынбор мүфтилігі және қазақтар // *Қазақ тарихы*. Алматы, 2004. № 5. Б. 82–85.

Садвокасова, 2022 — *Садвокасова З.Т.* Миссионерская деятельность среди раскольников в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX веков) // *Вестник Ивановского государственного университета*, 2022.

Серия «Гуманитарные науки». Вып. 1. С. 113–122. URL: <https://humanities.ivanovo.ac.ru/article/sadvokasova-z-t-missionerskaya-deyatelnost-sredi-raskolnikov-v-kazaxstane-vtoraya-pоловина-xix-nachalo-xx-veka/>

Семипалатинский листок, 1905 — *Семипалатинский листок*. 1905. № 112. 8 декабря. С. 57.

Тарджиман, 1905 — *Тарджиман*. 1905. № 61. 5 тамыз. 5-6.

Тынышпаев, 1993 — *Тынышпаев М.* История казахского народа. Алматы: Қазақ университеті, 1993. 224 с.

Цаликов, 1909 — *Цаликов А.* К современному положению магометанских духовных правлений // Слово. 1909. С. 181.

References

Bukeikhanov, 1993 — *Bukeikhanov A.* Tandamaly [Featured]. Almaty: Khazakh ensiklopediyasy, 1993. 89 p. (In Kaz.).

Koigeldiev, 2024 — *Koigeldiev M. K.* Qazaqstandaǵy saiasi represianıyń sebepterı men saldary [Causes and consequences of political repressions in Kazakhstan]. *MUSEUM.KZ* scientific and practical Journal. Almaty, 2024. Pp. 5–12. (In Kaz.).

Kozybaeva, Sultan-Khan, 2022 — *Kozybaeva M.M., Sultan-Khan Zh.* Alihan Bukeihan, Ahmet Baitursynuly i fenomen gazety «Qazaq» [Alikhan Bukeikhan, Akhmet Baitursynuly and the phenomenon of the newspaper “Kazakh”]. “*edu.e-history.kz*”. 2022. No. 2(22). URL: <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/22>. (In Russ.).

Mezhov, 1909 — *Mezhov V.* Slovo [Word] // *Turkestanskiy sbornik*. 1909. T. 508. 180 p. [In Russian]

Mukanova et al, 2024 — *Mukanova G.K. et al.* Suffrage and Its Implementation by Kazakh Deputies of the State Duma of Russia at the beginning of the XXth century. Alikhan Bukeikhanov and Shaimerden Koshygulov. *Bylye Gody*. 2024. № 19(1). Pp. 395–406.

Mukanova, et al., 2023 — *Mukanova G.K. et al.* Simbioz duhovnoi i svetskoi form Senträlno-Aziatskogo obrazovania v istorii HH veka [Symbiosis of spiritual and secular forms of Central Asian education in the history of the twentieth century]. *Otan tarihy*, 2023. No. 26(3). Pp. 495–510. DOI: https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_26_3_495-510 (In Russ.).

Mukanova et al, 2024 — *Mukhatova O.Kh., Zhumabayeva Z. Z., Tleubayev Sh.B., Konkabayeva A.N.* Orenburgskaia mujskaia gimnazia i predstaviteli kazahskoi inteligentsii [Orenburg men's gymnasium and representatives of the Kazakh intelligentsia]. *Bylye Gody*, 2024. No. 19(2) Pp. 803–813. URL: https://bg.cherkasgu.press/journals_n/1717237639.pdf. (In Russ.).

Pobedonostseva, 1926 — *Pobedonostseva K. P.* Iz chernyih bumag [From rough papers]. *Krasnyi arhiv*, 1926. Vol. 5 (18). Pp. 204–205. (In Russ.).

Rustemov, 2004 — *Rustemov S.* Oryinbor muftiligi jane Khazakhtar [Orenburg Muftiate and Kazakhs]. *Khazakh tarihy*. Almaty, 2004. № 5. Pp. 82–85. (In Kaz.).

Sadvokasova, 2022 — *Sadvokasova Z.T.* Misionerskaia deiatelnost sredi raskolnikov v Kazahstane (vtoraia polovina XIX – nachalo XX vekov) [Missionary activity among schismatics in Kazakhstan (second half of the 19th – beginning of the 20th centuries)] // *Bulletin of Ivanovo State University. Series “Humanities”*, 2022. Pp. 113–122. URL: <https://humanities.ivanovo.ac.ru/article/sadvokasova-z-t-missionerskaya-deyatelnost-sredi-raskolnikov-v-kazaxstane-vtoraya-pоловина-xix-nachalo-xx-veka/>. (In Russ.).

Salikov, 1909 — *Salikov A.* K K sovremennomu polojeniu magometanskih duhovnyh pravleni [On the current state of the Mohammedan spiritual governments]. *Slovo*, 1909. 181 p. (In Russ.).

Semipalatinski listok, 1905 — *Semipalatinski listok*, 1905. 57 p. (In Russ.).

Tardziman, 1905 — *Tardziman*. 1905. No. 61. 5 p. (In Tatar.).

Tynyshpaev, 1993 — *Tynyshpaev M.* Istoriya Khazakhskogo Naroda [History of the Kazakh people]. Almaty: Khazakh Universitetyi, 1993. 224 p. (In Russ.).

Vakyit, 1906 — *Vakyit* [Time]. 1906. No. 5. 3 p. (In Tatar.).

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А. ШҮРШТҚЫРЫЛҒАН ШАЙҚАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫСЫНДА.....	327
Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	343

ТАРИХ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. ГЕРЖОД ІСІ: АШЫЛМАҒАН АҚИҚАТ.....	367
Алпыспаева Г.А., Жұман Г., Аубакирова Х.А. XX ҒАСЫРДЫҢ 50–80-ші ЖЖ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕКТЕП БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНГЕ ҚАРСЫ ТӘРБИЕ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	382
Бекмағамбетова М.Ж., Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А. 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ «ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАТЕЛІКТЕР».....	399
Белялова А., Қаипбаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ (1931–1933 жж.).....	415
Дүйсембаева Н.Б., Жұматай С. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ «МАМАНИЯ» МЕКТЕБІНІҢ ОРНЫ.....	427
Жолсеитова М.А. ОТАРЛЫҚ БІЛІК КОНТЕКСТІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: САЯСИ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУЫ.....	442
Қаипбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1931–1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К. ҚАЗАҚ КСР-ІНДЕГІ МҰҒАЛІМДЕР ДАЯРЛАУ ТАРИХЫНАН (1950 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	471
Мәлікова С.З., Абуов Н.А. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШТЫҚ ТАРИХЫ.....	488
Мұқанова Г.Қ., Ахметжанова А.Т. ДАЛА ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ҮЕЗДІК БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ.....	501
Мұхатова О.Х. АШТЫҚ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОРҒАНСЫЗ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ.....	516
Сағнайқызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А. ТҰРАҚТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕТ ДАЙЫНДАУ МЕН ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ (1927–1932).....	531
Сүлейменова Қ., Дауытбекова М.Қ., Құрманалина Н.Н. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ (XVIII ғ.).....	543
Хайдаров Е.Е. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ (1928–1932 жж.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М. ИМПЕРИЯЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНИ ТРАНСФОРМАЦИЯ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нұрланқызы Г., Бекназаров Р.А. АҚТӨБЕ – ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛА (1869–1946 ЖЖ.): ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылғожин А.Р., Рыскильдин А.Х. ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР БОЙЫНША БАШҚҰРТТАРДЫҢ ҚЫПШАҚ ЖӘНЕ ТУЫСҚАН РУЛАРЫ (ТАЙПАЛАРЫ).....	603

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А. БИТВА ШУРШУТКЫРЫЛГАН В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ НАРОДА.....	327
Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ...	343

ИСТОРИЯ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т. РЕЛИГИОЗНЫЙ ВОПРОС В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В КАРКАРАЛИНСКОЙ ПЕТИЦИИ (конец XIX – начало XX вв.).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. ДЕЛО ГЕРЖОДА: НЕРАСКРЫТАЯ ПРАВДА.....	367
Алпыспаева Г.А., Жуман Г., Аубакирова Х.А. АНТИРЕЛИГИОЗНОЕ ВОСПИТАНИЕ В СИСТЕМЕ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА В 50–80-Е ГГ. XX ВЕКА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	382
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимоланова А.А. «ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОШИБКИ» В ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКАХ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В 1950-Е ГОДЫ.....	399
Беялова А., Каипбаева А.Т. ПОЛОЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ ГОЛОДА (1931–1933 гг.).....	415
Дуйсембаева Н.Б., Жуматай С. МЕСТО ШКОЛЫ «МАМАНИЯ» В ОБРАЗОВАНИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	427
Жолсеитова М.А. МУСУЛЬМАНСКАЯ СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ КОЛОНИАЛЬНОЙ ВЛАСТИ: НАУЧНЫЙ АНАЛИЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ СТРАТЕГИЙ И ИДЕОЛОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	442
Каипбаева А.Т., Абиkey А.М. ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР ПРОБЛЕМЫ МАССОВОГО ГОЛОДА 1931–1933 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К. ИЗ ИСТОРИИ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЬСКИХ КАДРОВ В КАЗАХСКОЙ ССР (ПЕР. ПОЛ. 1950-Х ГГ.).....	471
Маликова С.З., Абуов Н.А. ИСТОРИЯ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И ГОЛОДА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	488
Муканова Г.К., Ахметжанова А.Т. ПРОТЕСТНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ КАЗАХСКИХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛОВОБ УЕЗДНОМ УПРАВЛЕНИИ СТЕПНЫХ ОБЛАСТЕЙ. РУБЕЖ XIX–XX ВЕКОВ.....	501
Мухатова О.Х. ПОЛОЖЕНИЕ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В ГОДЫ ГОЛОДА.....	516
Сагынайкызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А. УСТОЙЧИВОЕ СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО: СВЯЗЬ МЕЖДУ ЗАГОТОВКОЙ МЯСА И ПРИНЦИПАМИ ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ (1927–1932).....	531
Сулейменова К., Дауытбекова М.К., Курманалина Н.Н. РОЛЬ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ В ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЯХ (XVIII В.).....	543
Хайдаров Е.Е. КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И НАРОДНЫЕ ПРОТЕСТЫ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928–1932 гг.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М. РЕЛИГИОЗНАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ В УСЛОВИЯХ ИМПЕРСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нурлановна Г., Бекназаров Р.А. АКТОБЕ – ПОЛИЭТНИЧЕСКИЙ ГОРОД (1869–1946): ИСТОРИКО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылгужин А.Р., Рыскильдин А.Х. КИПЧАКСКИЕ И СВЯЗАННЫЕ С НИМИ КЛАНЫ (ПЛЕМЕНА) БАШКИР ПО ДАННЫМ ГЕНЕТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	603

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A. THE BATTLE OF THE SHURSHITQYRYLGAN IN THE HISTORICAL MEMORY OF THE PEOPLE.....	327
Nogaybayeva M.S., Shakirbayeva I.T. PROBLEMS OF SOCIAL STATUS IN LATE MEDIEVAL KAZAKH SOCIETY.....	343

HISTORY

Adilova F.A., Kolumbaeva Z.E., Serubayeva A.T. THE PROBLEM OF RELIGION THE KARKARALIN PETITION IN THE KAZAK STEPPE (late XIX-early XX th centuries).....	356
Azirbekova A.J., Abisheva J.R. GERZHOD'S CASE: THE UNREVEALED TRUTH.....	367
Alpyspaeva G., Zhuman G., Aubakirova H. ANTIRELIGIOUS UPBRINGING IN THE SCHOOL EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN IN THE 1950–1980s OF THE 20th CENTURY: HISTORICAL ANALYSIS.....	382
Bekmagambetova M.Zh., Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A. “IDEOLOGICAL MISTAKES” IN SCHOOL TEXTBOOKS OF KAZAKH LITERATURE IN THE 1950S.....	399
Belyalova A., Kaipbayeva A.T. THE SITUATION OF ETHNIC GROUPS IN KAZAKHSTAN DURING THE FAMINE (1931–1933).....	415
Duisembayeva N.B., Zhumatay S. THE PLACE OF THE “MAMANIYA” SCHOOL IN EDUCATION IN THE EARLY XX CENTURY.....	427
Zholseitova M. MUSLIM EDUCATION SYSTEM IN THE CONTEXT OF COLONIAL POWER: A SCIENTIFIC ANALYSIS OF POLITICAL STRATEGIES AND IDEOLOGICAL DISCOURSE.....	442
Kaipbayeva A.T., Abikey A.M. HISTORIOGRAPHICAL REVIEW OF THE PROBLEM OF MASS FAMINE IN 1931–1933 IN KAZAKHSTAN.....	456
Legkiy D.M., Nurusheva G.K., Turezhanova S.A. FROM THE HISTORY OF TRAINING TEACHERS IN THE KAZAKH SSR.....	471
Malikova S.Z., Abuov N.A. HISTORY OF COLLECTIVIZATION AND FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	488
Mukanova G.K., Akhmetzhanova A.T. PROTEST PUBLICATIONS OF THE KAZAKH INTELLECTUALS ABOUT THE DISTRICT ADMINISTRATION OF THE STEPPE REGIONS. THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES.....	501
Mukhatova O.Kh. THE SITUATION OF STREET CHILDREN DURING THE YEARS OF FAMINE.....	516
Sagnaikyzy S., Sartaev S.A., Nusupbaeva S.A. SUSTAINABLE FARMING: LINKS BETWEEN MEAT PROCUREMENT AND GREEN ECONOMY PRINCIPLES IN KAZAKHSTAN (1927–1932).....	531
Suleimenova K., Dautbekova M.K., Kurmanalina N.N. THE ROLE OF KAZAKH BATYRS IN DIPLOMATIC RELATIONS (XVIII CENTURY).....	543
Khaidarov E.E. COLLECTIVIZATION AND POPULAR PROTESTS IN THE WEST KAZAKHSTAN REGION (1928–1932).....	559
Egamberdiyev M.Sh., Turgunbayev Ye.M. RELIGIOUS TRANSFORMATION IN KAZAKH SOCIETY UNDER IMPERIAL MODERNIZATION.....	575

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Nurlanovna G., Beknazarov R.A. AKTOBE – A POLY-ETHNIC CITY (1869–1946): HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC STUDY.....	589
Khabibullin E., Asylguzhin A., Ryskildin A. KIPCHAK AND RELATED CLANS (TRIBES) OF THE BASHKIRS ACCORDING TO GENETIC RESEARCH DATA.....	603

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2025. 12 (2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй